

Ж.Қ. Сағынтаева¹, Б.Х. Галиева², Б.Қ. Жумакедьдина³

¹ Ө.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар, Қазақстан

² Л.Н.Гумилёв атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астан, Қазақстан

³ Ө.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар, Қазақстан

(E-mail: zhuldyz.sagyntaeva@mail.ru, galieva.bh@yandex.kz, baglana@bk.ru)

Мақал-мәтелдердің студенттердің мәдениетаралық қарым-қатынас құзіреттіліктерін қалыптастырудағы орны

Аңдатпа. Тілдерді қарым-қатынас құралы ретінде, сондай-ақ өзге ұлт өкілдерінің мәдениетаралық құзіреттіліктерін қалыптастыру түрінде меңгерту – қазіргі оқытудағы басты мақсаттардың бірі. Мақалада студенттердің мәдениетаралық қарым-қатынас құзіреттіліктерін қалыптастыру мүмкіншіліктері қарастырылады. Қай тілді болмасын өзге ұлт өкіліне үйретуде нәтижеге жету үшін үйренушінің сол ұлт аясында ұғымы, түсінігі болу керек. Ол халықтың тұрмыс-жайын, болмыс-бітімін, әдет-ырымын, әдебін, тарихын таңуы тиіс. Сонда қызығушылық пайда болады. Одан әрі білгісі келеді. Сұрақ туындайды. Осыдан сабақ үрдісі өрбиді. Сол себепті тілдерді оқытуда жаттығу-тапсырмалар жүйесі танымдық тұрғыда құрылуы қажет. Осы орайда студенттердің мәдениетаралық қарым-қатынас құзіреттіліктерін қалыптастыруда мақал-мәтелді пайдаланудың орны ерекше. Бұл – ертеден сабақ үрдісінде пайдаланып келе жатқан әдіс. Дегенмен қазіргі заман талабы мүлде басқа, жаһандық қарым-қатынас кеңістігі қаулап өсіп, дамып тұрған кезең, өсіп келе жатқан болашақ та осы заманға икемді. ендеше білім беру үрдісі де солай қарай ұйымдастырылуы қажеттілік. Бұған дейін тілдік құзіреттілік тереңнен қарастырылса, қазіргі күні қарым-қатынас және танымдық құзіреттілікті қалыптастырып, дамытудың сұранысы жоғары. Мақал-мәтел – қай халықтың да мінез-бітімін, тыныс-тіршілігін, болмысын танытатын, терең мазмұнды жанр. Оның тақырып аясы кең. Кез келген халықтың даналығы, рухы мақал-мәтелінен көрініс табады. Ол қысқа да нұсқа, бірақ терең мәнді. Сондықтан дәріс уақытында көзделген нысанға сай тақырыптағы мақал-мәтелдерді саралап қолданып, шебер ұйымдастырылса, нәтижелі болмақ. Зерттеуде мақал-мәтелді білім алушылардың мәдениетаралық қарым-қатынас құзіреттіліктерін арттыру жолында жұмыс жүргізудің ыңғайлы жолдары ашылып, ғылыми дәлелденеді және жетістікке жеткізетін кейбір тәсілдері ұсынылады. Қорытындысында әдістемелік-дидактикалық негіздері беріледі. Әуелі мәдениетаралық қарым-қатынас құзіреттілігіне берілген ғылыми анықтамалар жүйеленіп, қорытындыланады, оның ерекшеліктері белгіленеді. Ол сабақ ұйымдастыруда, жаттығу-тапсырмалар құрастыруда маңызды орын алады.

Түйін сөздер: мәдениетаралық құзіреттілік, мәдениетаралық қарым-қатынас, көпмәдениетті әлем, мәдени субкомпетенциялы, субъектіаралық, лингво-мемлекеттану, гуманитарлық потенциалды, ассоциативті байланыс, өзара әрекеттесім, тілдік ситуация.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2023-144-3-207-216>

Кіріспе

Жаһандану үрдісі қоғам және жеке адам өміріне барлық жағынан әсерін тигізіп отыр. Қазір туристік сапарлар, білім беру бағдарламалары бойынша білім, тәжірибе алмасу, интернеттік технология тәжірибелері дамып, танымал боп тұрған заман. Соның арқасында

мәдениаралық қарым-қатынас тәжірибесі кеңінен орын алуда. Бұндай жаһандық қарым-қатынас кеңістігінің қалыптасуы өсіп келе жатқан жас ұрпақтың субъектіаралық өзара әрекеттесім аумағын кеңіту мен байытуды, мәдениетаралық қарым-қатынас сапасын көтеру мәселесін қолға алуды қажет етеді. Дәл осы тұста, интернет пен тиледидарды дұрыс пайдалану жағынан болашақ жастарға, оқушылар мен студенттерге ұстаздар тарапынан психологиялық, педагогикалық бағыт беру, мәдени қарым-қатынас мүмкіншіліктерін қалыптастыруды қолдауы басты орын алады. Бұл мәселелер зерттеуіміздің **өзектілігі болып** табылады.

Зерттеу проблемасы, мақсаты, тарихы

Жаңа ғылыми парадигмалар жүйесінде өзге ұлттарға қазақ тілін үйретуде оның тілдік бірліктері, заңдылықтарын үйретумен қатар, бастысы, ұлт туралы түсінік, яғни қазақ халқының әлемін таныту талабы кеңінен қолға алынды. Шынында, қай тілді болсын меңгеретін адам оның тұрмыс-тіршілігін, салт-санасын, ата-дәстүрін, жаратылысын, қайдан шыққанын, кім екенін білуі тиіс.

Ізденіс жұмысымыздың мақсаты – қазақ тілі пәнін студенттерге үйретуде грамматикалық сауаттылықты қалыптастыру, оны қарым-қатынас әрекеттерінде (айтылым, жазылым, оқылым, тыңдалым) тиімді қолдануға, сондай-ақ қазақы болмысты таныту, ұлттық кодқа көңіл бөлгізу. Сол арқылы жастардың мәдениетаралық қарым-қатынасын нығайту. Осы мәселені дамытудың бірден-бір тиімді жолы – қазақтың мақал-мәтелдері. Халқымыздың даналығы, даралығын, көрегендігі, шешендігін айқындауда мақал-мәтелдің орны ерекше. Әрі екінші тіл ретінде үйренушілердің мәдениаралық күзiреттiлiктерiн қалыптастыруда үлкен нәтижеге жеткізеді. Ал қазіргі көпмәдениетті әлемнің дамуында кез келген жағдайда қарым-қатынаста өзара түсіністік танытатын, әлеуметтік-мәдени білімі терең, мәдени субкомпетенциялы тұлғаны тәрбиелеу қажеттігі даусыз. Бұл – зерттеу **жұмысымыздың негізгі мәселесі** болып қойылды.

Зерттеу әдістері

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздемесінде тақырып аясында ғылыми еңбектер жинақталып, ғалымдар ой-пікірлері, тұжырымдары сараланып, салыстырылды, мәдени интеграциялық қорытынды жасалды. Шығарылған қорытынды негізінде эксперимент ретінде дәріс, тәжірибелік сабақтар жүргізілді. Білім алушылармен әңгіме, сұхбаттар өтті. Эксперимент жұмысынан кейін қорытынды тұжырым жасалды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Ғалымдардың еңбегінде мәдени қарым-қатынас күзiреттiлiгiн қалыптастыруда берілетін білімді 3 блокқа бөліп қарастырады: лингво-мемлекеттану, әлеуметтік-психологиялық, мәдениеттану білімдері. Лингво-мемлекеттану бойынша берілетін білімде лексикалық бірліктер жалаң түрде меңгерілмей, ұлттық-мәдени мағынаны таныту жолында үйретіліп, оны кез келген жағдайда мәдениетаралық қатынаста қолдана алу дағдыларына айналатындай деңгейде ұйымдастыру керек [1,11 б.].

«Мәдениаралық қарым-қатынас» ұғымы алғаш рет 1954 жылы Г. Трейгер және Э. Холлдың «Культура и коммуникация. Модель анализа» атты жұмыстарында қалыптасты. Э. Холлдың түсінігінде «Мәдениетаралық қарым-қатынас» сол төңіректе терең білім мен дағды, оны орындау таланты, ерекше қабілеті талап етілетін және сол бағытта әрдайым өзінің білімін іс жүзіне асыруды мақсат тұтатын қарым-қатынас жасаудың ерекше түрі ретінде беріледі [2, 295 б.]. Ол үшін мәдениетаралық қарым-қатынасқа қатысушылар «тілдік, мәдениетаралық және коммуникативтік» күзiреттiлiктердi меңгеруi тиiс [2, 295 б.]. Американдық этнолингвистер тіл мен мәдениеттің қатынасы негізінде қарастырады. Неміс лингвистері әртүрлі топтағы адамдардың бір-бірінен білім қорлары және осы топтардың әрқайсының барлық мүшелеріне тән символикалық тәртіптегі тілдік формаларымен

ерекшеленетін тұлғаралық өзара әрекеттестік ретінде танытады [3, 66 б.]. Ресейлік ғалымдар В.Г. Костомаров және Е.М. Верещагин ХХ ғасырдың 80 жылдарында жазған еңбектерінде мәдениетаралық қарым-қатынасты «коммуникативтік актіге қатысушы әртүрлі ұлт мәдениетіне тиесілі екі қатысушының сенімді, лайықты өзара түсінушілігі» ретінде анықтайды [4, 26 б.].

В.П. Фурмановтың пікірінше, мәдениетаралық қарым-қатынас «мәдениет диалогі және этникааралық қарым-қатынас контекстінде ақпараттық және мәдени құндылықтармен алмасуды қамтамасыз ететін жалпыадамзаттық қарым-қатынас тәсілі» ұғымын білдіреді [5, 38 б.].

Ал мәдениетаралық құзіреттілік жайында А. Нұрлыбекова «Мәдениетаралық құзыреттілік дегеніміз – мемлекет, оның өмір салты, әдет-ғұрпы мен діні туралы білімді игеріп қана қоймай, сонымен қатар өз мәдениеті, өмір салты, адамның мінез-құлқы туралы сөйлей білуі» деген тұжырым жасайды, сондай-ақ «Мәдениетаралық құзыреттілік толеранттылықты, жаңа білімге ашықтықты, тоналдылық пен қарым-қатынас құралдарын дұрыс таңдай білуді, коммуникациялық стратегия мен өзін-өзі таныстыру формасын болжайды» деген пікірлер де бар [6, 26 б.].

Мәдениетаралық қарым-қатынас құзіреттілігін қалыптастыра оқытуды ұйымдастыру мәселелері, мазмұны мен формалары, әдістері мен технологиялары отандық ғалымдардың зерттеу нысанына айналған. С.С. Құнанбаева, М.А. Құдайқұлов, М.Х. Балтабаев, Ш.Т. Таубаева, К. Құдайбергенованың зерттеулерінде қарастырылған [7,7 б.]. Сондай-ақ Б. Сағындықұлы, Н.А. Хабдрашитқызы [8, 335 б.], А.Ж. Аплошова, Ж.Қ. Сағынтаевалардың [9, 337 б.] шетел базасында жарияланған ғылыми мақалаларында қарым-қатынас құзіреттілігі тілді прагматикалық тұрғыда жұмсауды үйрену, яғни тілдің қызметтік жағын меңгеру, сонымен қатар тілдің мәдениет элементі екендігі, оны белгілі бір мәдениет шеңберінде қарастыру мәселесі айтылады.

Пікірлер тоғысынан шығатыны, мәдениетаралық қарым-қатынастың негізгі міндеті – гуманитарлық потенциалды белсендіру, жалпыадамзаттық құндылыққа басымдықты бағыттау, білім алушыларды төзімділік, бірлік және әлемдік мәдени құндылыққа тәрбиелеу.

Ал егер қарым-қатынасқа қатысушылар бір-біріне өркөкіректік, менсінбеушілік танытып, өзара түсінушілік көрсете алмаса, коммуникациялық мақсатқа жете алмайды. Бұл лингвистикалық білімнің кемістігінен емес, мәдени қарым-қатынасты түсінбеушіліктен болады. Мәдениетаралық қарым-қатынас ұғымын зерттеуші ғалымдар анықтамасын бергенмен, нақты критерилер айтпайды. Негізінен мәдени қарым-қатынасқа түсе алу – үлкен жауапкершілік. Ол – кез келген адамның бойынан табыла бермейтін қасиет. Оған белгілі бір маманның белгіленген міндеттері, мәселесінің шешіміне жетуі үшін шебер қолдана білген кәсіпкерлік сапасы деп те баға беруге болады.

Ғалым А.П. Садохин табысты мәдениетаралық қарым-қатынастың келесідей ерекшеліктерін бөліп көрсетеді:

- басқа адамдардың мәдениетін танып білуге және оның психологиялық, әлеуметтік, мәдени айырмашылықтарын қабылдауға деген ашықтық, шынайылық;
- басқа мәдениет өкілдерімен ынтымақтасу үшін психологиялық көңіл-күй;
- басқа мәдениет өкілдерінің коммуникативтік мінез-құлқындағы ұжымдық және жеке қасиеттерді ажырата білу;
- стереотиптерді жеңу қаблеті;
- өз мәдениетінде қарым-қатынас моделі мен стиліне сәйкес қолданатын коммуникация үрдісіне деген шығармашылық және саналы қатынас;
- коммуникативтік құралдар жиынтығын меңгеру және оны қарым-қатынас ситуациясына қарай дұрыс таңдай білу;
- қарым-қатынастың тепе-теңдігі мен симметриясына ұмтылу;
- өзінің және басқа адамдардың мәдениетінің этикет нормаларын міндетті сақтау [2,186 б.].

Бұл ерекшеліктерді ескерсек, жоғары айтылған кемшіліктер орын алмайды деген ойдамыз.

Әр мемлекеттің тіл білімі ғылымы тек қана тілдік бірліктер туралы білім немесе ұлттық-мәдени мағынаны білдіруімен шектелмейді, сол білімді мәдениаралық қарым-қатынас құзіреттіліктерін қалыптастырып, дамытудағы қызметімен өлшенеді. Ал мәдениетаралық қарым-қатынас құзіреттілігі деген әртүрлі ұлт өкілдерінің тіл білімі ғылымы бойынша жинаған білімдерін кез келген жағдайда, кез келген ортада қарым-қатынасқа еркін түсіп, өзара түсінісу қабілеттерінің болуы деген сипатқа ие. Біз қарастырып отырған мақал-мәтелдердің осы мақсаттарды жүзеге асыруда бағасы өлшеусіз. Оқып танушы халықтың шынайы рухани өмірін әр қырынан, салт-дәстүрі, этикалық, эстетикалық көзқарастарын танытатын құнды материал білім алушылардың ой-өрісін кеңейтіп қана қоймайды, оларды өзара сыйластық, құрметтеу, төзімділік, сыпайылық рухта тәрбиелейді. Одан басқа, оқып үйренетін тіл халқының менталитетін елестетеді, заңы мен ұстанымдарын біліп, оны тәжірибеде қолданады, құндылықтары мен басымдықтары туралы түсінік алады. Яғни мақал-мәтелдерден нақты сол халықтың рухани-мәдени болмысын көрсететін нақты элементтері мен құбылыстарын білу арқылы ұлттың әлемдік бейнесін таниды.

Қазақ халқының мақал-мәтелдері әртүрлі тақырыпты қамтиды. Ол бір сөйлемнен де, бірнеше сөйлемнен де құрала береді. Онда ненің жаман, ненің жақсы екені айқын айтылып үлгі-өнеге беріледі. Қазақтың билері мен ақсақалдары, аузы дуалы адамдары мақал-мәтелсіз сөйлемеген.

Аралас факультеттердегі орыс тілді аудиториялары үшін өтетін қазақ тілі пәні бойынша мақал-мәтел тақырыбына 4 сағат арналды. Онда әртүрлі бағыттағы жаттығу-тапсырмалар қамтылды.

Мәселен, интерактивті тақта арқылы әртүрлі тақырыптағы мақал-мәтелдер ұсыну және а) мақал-мәтелдерді оқып, танысу; ә) тақырыбын анықтау; б) мақал-мәтелдерде айтылған ойды түсініп, баяндау, в) мақал-мәтелдегі айтылған ойларды жинақтап, «Қазақ халқы қандай халық?», сипаттама беру. Мақал-мәтелдер мынадай тақырыптарда ұсынылды:

1. Халық туралы:

а) Су жүрген жер – береке,

Ел жүрген жер – мереке.

ә) Көптің қолы көкке жетеді.

б) Көп тепкен жерден көл шығады [10, 8 б.] – деген мақал мен мәтелдерден халық, көпшілікпен бірге жүру, оларды сатпау, көпшіл болуға шақыруды көруге болады.

2. Отан туралы:

а) Отан – елдің анасы,

Ел – ердің анасы.

ә) Ел – елдің бәрі жақсы,

Өз елің одан да жақсы.

б) Ат айналып қазығын табар,

Ер айналып елін табар [10,6 б.] – деп, Отанды анаға теңеп, елдің құдіретін білідіріп, өз елін құрметтеуге, қорғауға үндейді.

1. Адам туралы:

а) Адам деген – ардақты ат.

ә) Адамдықтан үлкен ат жоқ,

Наннан үлкен ас жоқ.

б) Атаңның баласы болма,

Адамның баласы бол [10,13 б.] – деген мақалдар адам сана, ақылдың иесі, сондықтан адам деген атқа сай өмір сүру керектігін жеткізіп тұр.

2. Батырлық, батылдық, қайсарлық, жігерлік туралы:

а) Батырға таяқ та – жарақ.

ә) Ерлік көрсеткенге оқ та дарымас.

б) Аты аталмаған жігіттен,
аты аталған төбе артық [10,18 б.] – батырлық, батылдықы, қайсарлық, ер азаматтықы, жігіттік іс дәріптелген.

3. Достықы, татулық туралы:

а) Тату үйдің бақыты тасыр,

Ұрыс-керіс үйдің ырысы қашар.

ә) Жолдасы көптің олжасы көп.

б) Достың орны – төр,

Дұшпанның орны – көр [10, 29 б.] – татулық, дос бола білу, оны қадірлеу туралы өнеге айтылады.

4. Еңбек, еңбекқорлық турасында:

а) Сен істі сүйсең, іс саған бас иеді.

ә) Бейнетің қатты болса,

Татқаның тәтті болар.

б) Еңбексіз өмір, сөнген көмір [10, 40-41 б.] – дегенде еңбекқорлыққа баулу, еңбектенсең ғана зейнеті болатынын, еңбектену арқылы жарқын өмір кешетінін бейнелейді. Жалпы еңбек сүйгіштік қазақ халқының табиғатына тән қасиет деп айтуымызға болады.

7. Шеберлік, ұсталықы туралы:

а) Жігіт көркі – өнер.

ә) Қолы білген құм үстінен кеме жүргізер.

б) Қалауын тапса, қар жанар – өнерді сүю, шеберлікке баулу мақалдары.

8. Білім, білім алу тақырыбында:

а) Білімдіге дүние жарықы,

білімсіздің күні кәріп.

ә) Жеті жұрттың тілін біл,

Жеті түрлі білім біл.

б) Білім – жанып тұрған шырақы [10, 57 б.] – білімнің адам өміріндегі қажеттігін ашып, білім алуға шақырады.

Бұл мақал-мәтелдерден қазақ халқының Отанын сүйген, халықшыл, көпшіл, адамгершілікті дәріптеген, батыр, қайсар, достыққа адал, сыпайы, еңбексүйгіш, өнерлі қасиеттерін тануға болады. Сол сияқты мейрімге толы, жанашыр, туыстықты дәріптеген, туысшыл, шешен тілді, әділеттілікті жақтаған турашыл, сақы, т.б. мінез-құлықтарын сипаттайтын мақал-мәтелдерді пайдаланса, ұлтымызды тереңнен жан-жақты тани түседі. Қазақтың қонақжайлығы тағы бар, ол – ерекше бір қасиеті.

Сабақы үрдісінде мақал-мәтелге арнайы бірнеше сағат арнауға да болады немесе күнделікті сабақы барысында тапсырманың бір түрі етіп алып, орындату көзделеді, сондай-ақы белгілі бір мәгінмен жұмыста мәтіннің негізгі идеясын анықтау мақсатында қолдануға болады. Көбінесе мәтіннің мазмұнына сәйкес мақал-мәтелдерді таңдап жазу тапсырмасы ұсынылады. Мәселен сабақы үстінде көрген кинофильм, мультфильм, ертегі мазмұнына сәйкес мақал-мәтел жазғызу, алған әсерлерін мақал-мәтелмен түйіндеу жұмыстары жүргізіледі. Білім алушылардың сабақтан алған өзіндік әсерін мақал-мәтелдің көмегімен жеткізуді ұйымдастырып, тапсыруға болады.

Кез келген дау-дамайды сөзбен тоқтатқан от ауызды, орақы тілді, ділмар би-шешендеріміздің шешендік сөздеріне көңіл аудартып, ондағы қолданылған мақал-мәтелдердің мәнін анықтату жұмыстары білім алушыларға халқымыздың данышпандығы, ақыл-ойының тереңдігі, оны сөзбен өре білу шешендігі тағылым болары сөзсіз.

Өзге ұлтты аудиторияда белгілі бір ұлттың мақал-мәтелін жатқа білу мүмкін емес, сол себепті біздің тарапымыздан QR-код әдісі арқылы мақал-мәтелдер топтамасы құрастырылып, сабақта пайдаланылды. Одан кейін сабақы барысында студенттердің өздері де жұптасып, топтықы түрде ұйымдастырылып мақал-мәтелдер топтамасы жасалды. Кез келген уақытта студент, оқушы болсын осы материалды қолдана алады. Мақал-мәтелдер сабақы тақырыбы мен мақсатына сәйкес жинақталды, яғни сабақта пайдаланылған мәтін,

әйтпесе бейнефильмдердегі көрсетілімге сәйкес құрастырылды. Білім алушылардың жас ерекшеліктері ескеріле отыра адам тәрбиесінде маңызы зор және де ұлттық болмысты танытуға бағытталған мақал-мәтелдер алынды.

Келесі тапсырма мақал-мәтелдердің аудармасын жасау, салыстырмалы түрде оқыту. Бұл да – тиімді тәсіл. Мысалы,

1. Ел іші – алтын бесік – Родная земля – золотая колыбель;
2. Кеңесті елде кек болмас – Среди спаянного народа вражда нет места;
3. Адамға адам жат емес – Человек не родился врагом человеку;
4. Ерлік көрсеткенге оқ та дарымас – Смелого пуля не берет;
5. Құс қанатымен, – Сила птицы – в крыльях,
Ер жолдасымен – сила человека – в дружбе.
6. Ырыс қашса да, туыс қашпайды – Бывает, что счастье отворачивается,
Но родиче не отворачивается.
7. Суды шым тоқтатар, – Воду останавливает запруда,
8. Сөзді шын тоқтатар – а болтуна правда.

Аудару арқылы сөздердің дұрыс аударылуын үйренеді, қазақ тілінде сөздік қорларын толықтырады, қазақ тілі мен орыс тіліндегі сөздердің орналасу тәртібі, байланысу ерекшелігіне көңіл бөлінеді.

Одан басқа қазақ тілінде мақал-мәтелдің мазмұнына сәйкес өз тілдерінде мақал-мәтел жазып, олардың айырмашылық, ұқсастықтарын ашып, дәлелдей сөйлеу де студенттердің сын көзбен қарау, өзіндік ой қалыптастыру, оны жеткізе сөйлеу сияқты әрі танымын кеңейтетін, әрі қазақ тілінде сөйлеу тілдерін дамытуға көп көмегін тигізеді.

Кесте 1. Мазмұндары сәйкес қазақша-орысша мақал-мәтелдер


Мақал-мәтелдер		
	Қазақ тілінде	Орыс тілінде
1	Ерінбей еңбек етсең, ерінің асқа тиеді	Без труда и не вытащить и рыбку из пруда
2	Қиын күнде қол ұшын берген – нағыз дос	Без беды друга не узнаешь
3	Заттың жаңасы жақсы, достың ескісі жақсы	Старый друг лучше новых двух
4	Ақылдың сөзі қысқа, Айта қалса – нұсқа.	Мудра голова, короткий язык
5	Артық қылам деп, тыртық қылама	Перемудришь, так испортишь
6	Кішіпейілділік – кісінің көркі	Вежливость открывает все двери

Мақал-мәтелді аудару әдісінде де, мазмұнына ұқсас мақал-мәтел табу да екі тілдегі сөздер тура сәйкес келе бермейді, білім алушы қолданылып тұрған сөзді сезіну керек болады, сөйтіп, сөздерді түсіну, сезіну, шебер аудару дағдылары қалыптасады. Мақал-мәтелдердің аудармасын дұрыс табу мақсатында тест тапсырмалары құрастырылып, kahoot бағдарламасы қолданылды. Бұл да білім алушылардың қызығушылығын арттыру, сонымен қатар қазақ тілін үйренуде өте белсенді әдіс.

Сабақ барысында студенттер өте қызығушылық танытты, мақал-мәтел бойынша тапсырмалар жігерлендірді, өздері тауып әкеліп, оны қазақша айтып жеткізулері, соған ұқсас өз тілдерінде мақалдарды табу студенттердің өзара қарым-қатынасқа түсуіне, ұлтаралық мәдениет, халықтан шыққан дана-шешендер, батырлар турасына, өздерінің шығу тегі, әр ұлттың таным-түсінігі, әдет-ғұрпы, салт-санасы мәселелеріне өрбіді. Сөйтіп, мәдениетаралық құзіреттілік қалыптасты, ұлттық таным әрекеті жүзеге асты. Соңғы сабақта студенттерден «Нені білемін, нені білдім, нені білгім келеді?» деген студенттердің 4 сабақ бойы алған білімдерінің жинағы ретінде шығу парағы алынды. Авторлар тарапынан жауаптар бір жүйеге келтіріліп, жинақталды. Басым жауабы қазақ халқы сөзге бай,

шешен, тәрбие тамыры терең, әдепшіл, дана, батыр, өнерлі халық екенін білдім. Басқа да шығармалары және тарихын терең білгім келеді дегенге саяды. Кейбірі қазақ халқының көп мақал-мәтелімен таныстым, олар халқын, Отанын сүюге, әдептілікке, батырлыққа үндейді. Мақал-мәтел мағыналары өте терең деген сияқты ойларды айтқан.

Диаграмма 1. Мақал-мәтел тақырыбына арналған сабақтар қорытындысы



■ қазақ халқының көп мақал-мәтелімен таныстым, олар халқын, Отанын сүюге, әдептілікке, батырлыққа үндейді

■ қазақ халқы сөзге бай, шешен, тәрбие тамыры терең, әдепшіл, дана, батыр, өнерлі халық. Басқа да шығармалары және тарихын терең білгім келеді

Қорытынды

Қорыта келгенде, мақал-мәтелдердің құрылымы қысқа, өлеңді сөз сияқты тілге орамды болып келуі оны жеңіл еске сақтауға мүмкіндік береді. Мақал-мәтелдерді әдеби тілдегі мәтін мазмұны мен мәніне сәйкес таңдап қолдана білу білім алушылардың санасында тұрақты ассоциативті байланыс тудырады. Бұндай жұмыстар білім алушылардың алдағы уақытта қарым-қатынасқа түскенде, сөйлесуде үйренген мақал-мәтелдерін кез келген тілдік ситуацияда орынды, шебер пайдалануға жеткізеді. Ол олардың сөйлеу тілдерін түрлендіріп қана қоймайды, мүлде басқа мәдениетті, басқа менталитетті ұлт өкілдерімен қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік алады. Өзге ұлттардың мақал-мәтелдерін тану арқылы әр халықтың өзіне тән әдет-ғұрпы, салт-санасын және олардың өзіне тән заңдылықтарын біліп, оларды сақтау және құрметтеуге үйренеді.

Түйіндейтін болсақ, білім алушылардың мәдениетаралық құзіреттіліктерін қалыптастыру үрдісінде мақал-мәтелдерді қолданудың әдістемелік және дидактикалық негіздері төмендегідей:

- ✓ үйренген мақал-мәтел үлгілері білім алушылардың сөздік қорын кеңейтеді;
- ✓ мақал-мәтелдерді еркін қолдана білуі дайындалған жағдайда да, тосын болған ситуацияда да сөйлеу рекацияларын айтарлықтай әрлендіріп көркемдеуге мүмкіндік береді;
- ✓ мақал-мәтелдерді оқып, тану арқылы өзге ұлт өкілдерінің мәдениеті, дүниетанымын біледі, өз мәдениетімен салыстырады, тереңнен тани түседі, өзге ұлттың моральдық басымдықтарын құрметтей бастайды, ол, әрине, түрлі мәдениет өкілдерімен жақындасуға ыңғай жасалады.

Әдебиеттер тізімі

1. Агманова А.Е. Усвоение второго языка и межкультурный диалог // Диалог славистов в начале XXI века: Тезисы докладов участников международного научного симпозиума. – Астана, 2011. – С. 11-12.
2. Садохин А.П. Межкультурная компетентность: сущность и механизмы формирования: дис...-ра. культурологич. наук: 24: 00: 01. – Москва, 2009. – 342 с.
3. Сафонова В.В. Изучение языков международного общения в контексте диалога культур и цивилизаций. – Воронеж: ИСТОКИ, 1996. – 237 с.
4. Верещагин Е.М. Язык и культура. Три лингвострановедческие концепции: лексического фона, речеповеденческих практик и сапиентемы. – Москва, 2005. – 1040 с.
5. Фурманова В.П. Межкультурная коммуникация и лингвокультуроведение в теории и практике обучения иностранным языкам. – Саранск, 1992. – 120 с.
6. Тілдік және мәдениетаралық қатынас құзыреттерін қалыптастыруда фильмдерді тиімді қолдану әдістемесі. [Электрондық ресурс]. – 2019. – URL: <https://dergipark.org.tr/tr/download/article-file/2622651> (қарастырылған күні: 01.02.2022).
7. Кудабаева П.А. Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзіреттілігін қалыптастыру: философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Түркістан, 2017. – 161 б.
8. Competency-based approach in modern language education // Man in India (quarterly peer-reviewed journal). Published by Serials Publications, 2017. No 97. P. 333-340.
9. Theory and practice of professional training of future primary school teachers in the context of the modernization of education // AD ALTA. Journal of interdisciplinary research. – Чехословакия, 2019. – С. 108-113.
10. Аққозин М. Казахские пословицы и поговорки. – Алматы, 2000. – 2012 б.

Ж.К. Сағынтаева¹, Б.Х. Галиева², Б.К. Жумакедьдина³

¹Павлодарский педагогический университет им. Ә.Марғұлана, г. Павлодар, Казахстан

²Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

³Павлодарский педагогический университет им. Ә.Марғұлана, г. Павлодар, Казахстан

Место пословиц и поговорок в формировании компетенции межкультурного общения студентов

Аннотация. Владение языками как средством общения, а также формирование межкультурных компетенций у представителей других национальностей – одна из главных задач современного обучения. В статье рассматриваются возможности формирования компетенции межкультурного общения студентов. Для достижения результата в преподавании какого-либо языка представителям других национальностей обучающийся должен иметь представление, понимание в рамках данной национальности. Он должен знать быт, традиции, обычаи, этикет, историю другого народа. Только тогда появится интерес, желание узнать больше. Возникнут вопросы. Отсюда берет начало развитие процесса урока. Поэтому в обучении языкам должна быть выстроена система учебно-познавательных заданий. В этой связи, по мнению авторов статьи, особое место в формировании межкультурной компетенции, в общении студентов занимает использование пословиц и поговорок. Это метод, который уже на протяжении многих лет используется в процессе занятий и хорошо себя зарекомендовал. Тем не менее, требования современного образования совершенно другие, студентоцентрированные, ведь глобальное развитие мирового пространства – это период роста новых отношений, век развития коммуникации, поэтому растущее молодое поколение придерживается этих новых мировых изменений. Таким образом, современный образовательный процесс урока должен соответствовать новым веяниям. Если раньше языковая компетенция рассматривалась шире и глубже, то в настоящее время существует высокий спрос на формирование и развитие коммуникативной и функционально-познавательной компетенции обучающихся. Пословицы – это глубоко содержательный жанр, отражающий характер, жизнь, бытие любого народа. Его тематика обширна. Мудрость, дух любого народа отражается в пословицах и поговорках. Это короткое, но

очень вместительное произведение, имеющее эффективный воспитательный аспект. Поэтому, если во время занятий будет организован мастер-класс с использованием пословиц и поговорок по заданной теме, урок будет результативным. В статье раскрываются эффективные пути работы по повышению межкультурной коммуникативной компетенции обучающихся путем использования пословиц и поговорок, предлагаются научно-обоснованные и эффективные подходы к достижению успеха. В заключении даются методико-дидактические основы урока. Сначала систематизируются и обобщаются научные определения компетенции межкультурного общения, затем устанавливаются ее особенности. Все это занимает важное место как в организации современного урока, так и при составлении учебно-тренировочных заданий.

Ключевые слова: межкультурная компетентность, поликультурный мир, культурная субкомпетенция, межсубъектный, лингвострановедение, гуманитарный потенциал, ассоциативная связь, взаимодействие, языковая ситуация.

Zh.K. Sagyntayeva¹, B.Kh. Galiyeva², B.K. Zhumakeldina³

¹ Pavlodar Pedagogical University named after A. Margulan, Pavlodar, Kazakhstan

² L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

³ Pavlodar Pedagogical University named after A. Margulan, Pavlodar, Kazakhstan

The place of proverbs and sayings in the formation of students' intercultural competence

Abstract. Mastering languages as a means of communication, as well as in the intercultural competencies formation of other nationalities representatives is one of the main goals of modern education. The article considers the possibilities of forming students' intercultural competencies. To achieve results in teaching a language to representatives of other nationalities, the student should have a concept, a representation in the frame of this nationality. He should know the way of life, customs, etiquette, and history of the people. Then there is interest and some questions. Thus the educational process is developed. Therefore, in teaching languages, tasks and exercises should be built in a cognitive form. In this regard, the use of proverbs and sayings occupies a special place in the formation of students' intercultural competence.

This is a method that has long been used in the educational process. However, the current requirements are completely different, now there is a period when the global space is rapidly developing, and the younger generation is adapting to this one. It means that the educational process should be organized in this direction. If until now language competence was considered from the depth, then now there is a high demand for communication and cognitive competence.

Proverbs and sayings are a genre that has a deep content that determines the character, originality, life, and everyday life of any nation. Their subject matter is extensive. Any nation's wisdom and spirit are reflected in proverbs and sayings. They are very short and precise in form, but they have a deep meaning. Therefore, the differentiated use of proverbs and sayings on certain topics and in accordance with a certain object will be effective in the lessons.

This study reveals and scientifically proves convenient ways of conducting work to improve student the intercultural and communicative competence, as well as offers some ways to achieve success.

In conclusion, the methodological and didactic foundations are given. First, the scientific definitions of intercultural competence are systematized and generalized, and its features are established. It takes an important place in the organization of the lesson, in the preparation of exercises and tasks.

Keywords: intercultural competence, multicultural world, cultural competence, intersubjective, linguistic and country studies, humanitarian potential, associative connection. interaction, language situation.

References

1. Agmanova A.E. Ýsvoenie vtorogo iazyka i mejkúltúrny dialog. Dialog slavistov v nachale XXI veka: Tezisy dokladov ýchasnikov mejdýnarodnogo naýchnogo simpozíyuma [Learning a second language and intercultural dialog. Dialogue of Slavists in the beginning of the XXI century: Theses of reports of participants of the international scientific symposium]. Astana, 2011. P. 11-12, [in Russian].

2. Sadohn A.P. Mejkúltýrnaia kompetentnos: sýshnos i mehanizmy formirovani: dis...d-ra. kúltýrologich. naýk: 24: 00: 01 [Intercultural competence: essence and mechanisms of formation: Dr. of cultural sciences]. (Moscow, 2009, 342 p.), [in Russian].
3. Safonova V.V. Izýchenie iazykov mejdýnarodnogo obshenia v kontekste dialoga kúltýr i sivilizasi [Studying the languages of international communication in the context of the dialogue of cultures and civilizations]. (Voronej, ISTOKI, 1996, 237 p.), [in Russian].
4. Vereshagin E.M. Iazyk kúltýra. Trı lingvostranovedicheskie konsepsii: leksicheskogo fona, rechepovedencheskih praktik i sapientemy [Language and Culture]. (Moscow, 2005, 1040 p.), [in Russian].
5. Fýrmanova V.P. Mejkúltýrnaia komýnikasi i lingvokúltýrovedenie v teorı i praktike obýchenia inostrannym iazykam [Intercultural communication and linguocultural studies in the theory and practice of teaching foreign languages]. (Saransk, 1992, 120 p.), [in Russian].
6. Tildik zhəne mədenietaralyq qatynas qyzyretterin qalyptastyroda fil'mderdi tiimdi qoldanu ədistemesi [Methodology of effective use of films in the formation of linguistic and intercultural communication competences]. Available at: <https://dergipark.org.tr/tr/download/article-file/2622651> (accessed 01.02.2022).
7. Kýdabaeva P.A. Bolashaq aғылshyn tili muғalimderiniń mádenietaralyq komýnikativtik quziretiligin qalyptastyry: filosofia doktory (PhD) dárejesin alý úshin daıyndalğan dısertasıa. (Türkistan, 20176 161 p.), [in Kazakh].
8. Competency-based approachn modern langyage education. Man in India `quarterly peer-reviewed jornal). 2017. No 97. P. 333-340.
9. Theory and practice of professional training of future primary school teachers inthe context of the modernization of education. ad alta. journal of interdisciplinaru researcy. 2019. P. 108-113.
10. Aqqozin M. Kazahskie poslovısy i pogovorkı [Kazakh proverbs and sayings]. (Almaty, 2000, 2012 p.), [in Russian].

Авторлар туралы мәлімет:

Сағынтаева Жұлдыз Қайратқызы – философия ғылымдарының докторы (Ph.D), Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар, Қазақстан.

Галиева Бахыт Хасеновна – педагогика ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университететі, Астана, Қазақстан.

Жумакедьдина Бағлан Калымтаевна – педагогика ғылымдарының магистрі, Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар, Қазақстан.

Сағынтаева Жұлдыз Кайратовна – Ph.D, Павлодарский педагогический университет им. А.Марғұлана, Павлодар, Казахстан.

Галиева Бахыт Хасеновна – кандидат педагогических наук, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Жумакедьдина Бағлан Калымтаевна – магистр педагогики, Павлодарский педагогический университет им. А.Марғұлана, Павлодар, Казахстан.

Sagyntayeva Zh. – PhD, Pavlodar Pedagogical University named after A.Margulan, Pavlodar, Kazakhstan.

Galiyeva B. – Candidate of Pedagogical Sciences, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Zhumakeldina B. – Master of Pedagogy, Pavlodar Pedagogical University named after A. Margulan, Pavlodar, Kazakhstan.